

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Дін ісі жөніндегі кеңес туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 15 ақпан N 484. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.23. N 878 қаулысымен. ~P970878

Мемлекеттік басқару органдарының діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауы мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанынан Дін ісі жөніндегі кеңес құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Дін ісі жөніндегі кеңеске мемлекеттік басқару органдарының республикадағы және одан тысқары жерлердегі түрлі бағыттағы діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі жұмыстарын үйлестіру қызметі жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Дін ісі жөніндегі кеңесі аппаратының құрамы бес адам болып белгіленсін және еңбекақы төлеу жағдайы мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдайы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлімімен теңестірілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Дін ісі жөніндегі кеңесі аппаратын қаржыландыру мәселелерін шешсін.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратының Басшысы Аппарат құрылымы мен штатын өзгерту жөніндегі тиісті ұсыныстар енгізісін.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Дін ісі жөніндегі кеңес қызметкерлерін орналастыру қамтамасыз етілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК